

ИНДЕР АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

Индербор кенті

№ 5

24.06.2025 жыл

Аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімінің 2024 жылғы атқарылған жұмыстары мен 2025 жылы алға қойған міндеттері туралы есебі

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Индер аудандық қоғамдық кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімінің 2024 жылғы атқарылған жұмыстары мен 2025 жылы алға қойған міндеттері туралы осы бөлімінің басшысы А.Үсенқызының есепті баяндамасы мақұлдансын.

2. Аудан әкімінің орынбасары Ә.Оразғалиевке:

1) Ауданның Бөдене бағытына қарай даму перспективаларына сәйкес 12 шақырым жердегі зираттардың болашақта кент ішінде қалып қоймауын ескеріп, мәселені қайта қарау;

2) Аққала ауылындағы қоршалмаған зираттарға бюджеттен қаржы қарастыру;

3) Ясли-бақша салуға арналған жер телімін белгілеу ұсынылсын.

3. Аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімінің басшысы А.Үсенқызына:

1) Игерілмеген, бос жатқан жер телімдерін түгендеу, мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарын күшейту;

2) Тұрғын үй салу үшін кезекте тұрған 6159 азаматтың қажеттілігін өтеу мерзімі мен нақты кезең –кезеңімен игеру жоспарын жасақтау;

3) Индербор кенті, ауылдық округтерде мемлекет мұқтажына алуға болатын ескі апараты ғимараттардың тізімін жасақтау;

4) Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру;

5) Бөлім жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік желі арқылы тұрақты ақпараттандыру ұсынылсын.

4. Осы қарарда берілген ұсынымдардың орындалуына бақылау жасау және есептік мерзімге дейін кеңес хатшылығына ақпарат жолдау ұсынылсын.

**Аудандық Қоғамдық
кеңестің төрағасы**



Ж.Дауталиев